

## Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 Қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 100-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2022 № 1133 қаулысымен.**

1. Қоса беріліп отырған Жекешелендіру объектілерін сату қағидасы бекітілсін.
2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 9 тамыздағы  
№ 920 қаулысымен  
бекітілген

## Жекешелендіру объектілерін сату қағидасы

**Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 № 1174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

1. Осы Жекешелендіру объектілерін сату қағидасы (бұдан әрі – Қағида) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 100-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және жекешелендіру объектілерін аукцион мен тендер, жабық тендер, қор биржасындағы сауда-саттық, екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс нысанындағы сауда-саттықта, сондай-ақ тікелей атаулы сату арқылы сату, акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату тәртібін реттейді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2022 № 1133 қаулысымен.**

### 1-тарау. Жалпы ережелер

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы баға – жекешелендіру объектісінің бағаны көтеру аукционы нысанындағы сауда-саттық барысында қалыптасатын бағасы немесе бағаны төмендету аукционы нысанындағы сауда-саттық барысында қалыптасатын жарияланған баға;

2) алғашқы баға – тәуелсіз консультанттар немесе бағалаушы ұсынған жекешелендіру объектісінің құнын бағалау туралы есептің негізінде айқындалатын және мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері жөніндегі комиссия белгілейтін жекешелендіру объектісінің бағасы;

3) аукцион – электрондық форматта тізілімнің веб-порталын пайдалана отырып, қатысушылар өздерінің ұсыныстарын жария түрде мәлімдейтін сауда-саттық нысаны;

4) аукцион залы – аукционды өткізу үшін қажетті ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз ететін тізілім веб-порталының бөлімі;

5) аукцион нөмірі – Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығы берген электрондық цифрлық қолтаңбасы болған кезде қатысушыға аукционға қатысу үшін берілетін нөмір;

6) бастапқы баға – әрбір жекешелендіру объектісі бойынша сауда-саттық басталатын баға;

7) екі кезенді рәсімдер арқылы конкурс – кезең-кезеңімен келіссөздер жүргізу арқылы тәуелсіз консультанттардың қатысуымен сатушы конкурс жеңімпазын айқындайтын сауда-саттық нысаны;

8) ең төменгі баға – жекешелендіру объектісін одан төмен бағаға сатуға болмайтын баға;

9) жабық тендер – қатысушылардың шектеулі тобы қатысатын тендер;

10) жекешелендіру объектісі – мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын; жекешелендірілуі тұйық технологиялық тізбекті бұзбайтын мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорынның өндірістік және өндірістік емес бөлімшелері мен құрылымдық бірліктері; мемлекеттік заңды тұлғалардың мүлкі; акционерлік қоғамдардың акциялары; жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестері; акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына құқықтарды куәландыратын туынды бағалы қағаздар;

11) жекешелендіру объектісінің нарықтық құны – мәміле тараптары бағалау объектісі туралы барлық қолжетімді ақпаратқа ие бола отырып, есеппен және мәжбүрлеусіз әрекет ететін бәсекелестік жағдайларында, мәміле негізінде жекешелендіру объектісін иеліктен шығаруға болатын есептік ақшалай сома;

12) жеңімпаз – жекешелендіру объектісі үшін неғұрлым жоғары баға ұсынған аукционға, тендерге және жабық тендерге қатысушы; екі кезенді рәсімдер арқылы ең үздік шарттар ұсынған конкурстың екінші кезеңіне қатысушы;

13) кепілдік жарна – сауда-саттыққа қатысу үшін жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасының 15 %-ы мөлшерінде жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға енгізетін, бірақ 30 000 еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспайтын ақша сомасы;

14) қатысушы – аукционға, тендерге, жабық тендерге немесе екі кезеңді рәсім арқылы конкурсқа қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға;

15) мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) – Заңда көзделген жекешелендіру бойынша сауда-саттықты дайындау және өткізу үшін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган құратын алқалы орган;

16) сату бағасы – сауда-саттық, сондай-ақ индекстеуді ескере отырып кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру не мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі тендер нәтижесінде белгіленген жекешелендіру объектісінің түпкілікті бағасы;

### **РҚАО-ның ескертпесі!**

**17) тармақша 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі**

17) сатушы (мүлікті иеліктен айыруды жүргізетін адам) – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган;

18) сатып алушы (ие болушы) – мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару процесінде мүлікті сатып алатын жеке тұлға немесе мемлекеттік емес заңды тұлға;

19) сауда-саттық – жекешелендіру түрі;

20) сауда-саттықтың бағаны көтеру әдісі – бастапқы бағасы алдын ала жарияланған кадаммен арттырылатын аукцион нысанындағы сауда-саттықта қолданылатын әдіс;

21) сауда-саттықтың бағаны төмендету әдісі – бастапқы бағасы жарияланған кадаммен төмендетілетін аукцион нысанындағы сауда-саттықта қолданылатын әдіс;

22) тәуелсіз консультанттар – заңды тұлғалар, оның ішінде шетелдіктер немесе олардың бірлестіктері, сатушы жекешелендіру объектісінің нарықтық құнын бағалауды жүргізу және (немесе) жекешелендіру объектілері бойынша мәмілені сүйемелдеу мақсатында тартатын, бағалау және (немесе) инвестициялық қызметке және (немесе) қаржылық консультация беруге қатысушылар;

23) тендер – тізілімнің арнайы бөлінген веб-парақшасында жабық электрондық конвертке жүктелетін, қатысушылар өздерінің баға ұсыныстарын мәлімдейтін сауда-саттық нысаны;

24) тізілімнің веб-порталы – [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналастырылған, мемлекеттік мүлік тізілімінің (бұдан әрі – тізілім) сату объектілері жөніндегі электрондық дерекқорға бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын интернет-ресурс;

25) ұйымдастырушы – жекешелендіру объектілерін дайындауды және сатуды ұйымдастыратын сатушы не мемлекеттік сатып алу туралы заңнамада айқындалған тәртіппен тартылатын заңды немесе жеке тұлға;

26) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда берілген және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

27) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз); 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

3-тармақтың бірінші бөлігі 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі

3. Объектіні жекешелендіру туралы шешімді мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган не жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты қабылдайды, олар күнтізбелік он күн ішінде жекешелендіру объектілері туралы ақпаратты (сату кестесі) тізілімге енгізуді қамтамасыз етеді.

Табиғи монополия субъектілері немесе тиісті тауар нарығында басым немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілері болып табылатын ұйымдарды жекешелендіру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайды.

Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган республикалық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде республикалық мүлікті, сондай-ақ нарықта үстем немесе монополиялық жағдайға ие табиғи монополия субъектілері немесе нарық субъектілері болып табылмайтын мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорындарды жекешелендіру туралы шешім қабылдайды, объектіні жекешелендіруге дайындау процесінде республикалық мүліктің сақталуын қамтамасыз етеді, жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

**РҚАО-ның ескертпесі!**

3-тармақтың төртінші бөлігі 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап және халық саны екі мың адам және одан аз аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер үшін 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді.

Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараттары коммуналдық мүлікті жекешелендіруді жүзеге асырады, оның ішінде коммуналдық

мүлікті, сондай-ақ мүліктік кешен ретінде кәсіпорындарды жекешелендіру туралы шешім қабылдайды, жекешелендіру процесін ұйымдастыру үшін делдалды тартады, жекешелендіру объектісін бағалауды қамтамасыз етеді, жекешелендіру объектісінің сатып алу-сату шарттарын дайындау мен жасасуды және сатып алу-сату шарттары талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Кәсіпорында мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары болған жағдайда, кәсіпорынды мүліктік кешен ретінде жекешелендіру туралы шешім дайындау кезінде шешімнің жобасы мемлекеттік материалдық резерв, жұмылдыру даярлығы және қорғаныс саласындағы уәкілетті органдармен келісіледі.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) қаулысымен**

4. Жекешелендіру объектілерін сату жекешелендіру объектісінің нарықтық құны бойынша жүзеге асырылады, ол жекешелендіру объектісінің теңгерімдік құнынан төмен болуы мүмкін.

5. Мемлекеттік мүлікті иеліктен айыру түрлерін таңдау жөніндегі өлшемшарттарды республикалық мүлік бойынша – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, коммуналдық мүлік бойынша – тиісті жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

6. Эмиссиясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелмеген акцияларды сатуға жол берілмейді.

7. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларын және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекеттің қатысу үлесін сату Қазақстан Республикасының "Акционерлік қоғамдар туралы", "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша серіктестіктер туралы", "Бағалы қағаздар рыногы туралы" заңдарында және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген талаптар сақталып жүргізіледі.

8. Мемлекетке тиесілі акцияларды сату кезінде сатып алушы акционерлік қоғам егер соңғысы сатып алушының акцияларына иелік етсе, акционерлік қоғам акцияларының жиырма бес пайыздан астамын сатып ала алмайды.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталындағы мемлекеттің қатысу үлесін сату кезінде жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің қатысушылары заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, қатысушылардың бірі қатысу үлесін немесе оның бір бөлігін сатқан кезде үшінші тұлғалардың алдында қатысушының үлесін немесе оның бір бөлігін сатып алу артықшылық құқығын пайдаланады.

9. Мемлекеттік заңды тұлға мемлекеттік мүлікті сатуға ұсынған кезде осы мемлекеттік заңды тұлғаны басқаратын мемлекеттік органның жазбаша келісімі қажет. Бұл ретте сатушыға жекешелендіру объектісіне құқық белгілейтін құжаттарды, сондай-ақ ауыртпалықтар жоқ екендігін растайтын құжатты беру қажет.

Қажет болған жағдайда сатушы жекешелендіру объектісінің техникалық және функционалдық сипаттамаларын айқындауға мүмкіндік беретін құжаттарды сұратады.

Мемлекеттік мүліктің теңгерім ұстаушысы жекешелендіру объектісінің сақталуына және сатып алушыға меншік құқықтары өткенге дейін жекешелендіру объектісі бойынша мәліметтердің дұрыстығына жауап береді.

Хабарлама жарияланғаннан кейін теңгерім ұстаушы жекешелендіру объектісін сатып алуды қалаушылардың жекешелендіру объектісін көруге еркін қатынауын қамтамасыз етеді.

Акционерлік қоғам акцияларының мемлекеттік пакетін немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталындағы мемлекеттің қатысу үлесін сату кезінде мәліметтердің дұрыстығына акционерлік қоғамның немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басшылығы жауап береді.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

10. Жылжымайтын мүлікті жекешелендіру кезінде Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жер учаскесіне құқық сатып алушыға өтеді.

Жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнын сатып алушы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес жеке төлейді.

11. Сатушы жекешелендіру объектілерін сатуды Заңда және осы Қағидада айқындалған тәртіппен жүзеге асырады.

12. Сатушының функциялары:

- 1) жекешелендіру объектісінің құнына бағалау жүргізуді қамтамасыз ету;
- 2) осы Қағиданың 2-тармағының 7) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, комиссия шешімінің негізінде әрбір жекешелендіру объектісі бойынша жекешелендіру жүргізу түрін, сауда-саттық шарттарын және нысандарын айқындау;
- 3) сауда-саттық өткізу мерзімін белгілеу;
- 4) сауда-саттықты дайындауды және өткізуді жүзеге асыру;
- 5) комиссия шешімінің негізінде жекешелендіру объектілерінің алғашқы бағасын айқындау;
- 6) екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурсқа қатысушылардың кепілдік жарнасын қабылдау;
- 7) мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды комиссияның шешімі негізінде Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржасында сатуды жүзеге асыру;
- 8) Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларында мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату кезінде брокерлік компанияның ұсынымдары бойынша сауда-саттық жүргізу әдісін айқындау;



9) биржалық сауда-саттыққа акцияларды қою мерзімі мен ұзақтығын, сатудың шекті мерзімдері мен биржалық сауда-саттықтан алу күнін айқындау;

10) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жекешелендіру объектісінің нарықтық құнын бағалауды жүргізу және (немесе) жекешелендіру объектілері бойынша мәмілелерді сүйемелдеу мақсатында тәуелсіз консультанттарды тарту;

11) жекешелендіру объектілерін сауда-саттықтан алу туралы шешім қабылдау;

12) сатып алушының талабы бойынша жекешелендіру объектілерінің ауыртпалықтары, сондай-ақ егер жекешелендіру объектісі мүліктік кешен ретіндегі кәсіпорын болып табылса, жекешелендірілетін кәсіпорынның жасасқан шарттарының кредиторлық және дебиторлық берешектер сомасы туралы ақпаратты дайындау және ұсыну;

13) жекешелендіру объектісінде мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтары болған жағдайда, сату туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органға және тиісті орталық атқарушы органдарға хабарлау;

14) тендерге немесе жабық тендерге қатысушылардың құжаттарын олардың қосымша талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарау және оларды сауда-саттыққа жіберу;

15) ұйымдастырушы тартылған жағдайда онымен сауда-саттықты ұйымдастыруға және өткізуге шарт жасасу;

16) сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу барысын бақылауды жүзеге асыру;

17) сауда-саттық жеңімпаздарымен сатып алу-сату шарттарын жасасу және олардың орындалуын бақылау;

18) қатысушылармен, сатып алушылармен, ұйымдастырушымен сауда-саттық өткізу рәсімдеріне байланысты есептесулерді жүзеге асыру;

19) жекешелендіру жүргізу үшін қажет басқа да іс-шараларды жүргізу болып табылады.

**Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.07.2023 № 611 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне немесе құрылтай құжаттарына сәйкес қызметтің жүзеге асырылуы объектіні сауда-саттықтарда сатудың шарты болып табылатын түрлерімен айналысуға құқығы жоқ заңды тұлғалар;

2) ұйымдастырушы;

3) жарғылық капиталының жиырма бес пайызынан астам мөлшердегі акциялары сауда-саттыққа шығарылған акционерлік қоғамға акциялары тиесілі акционерлік қоғамдар сауда-саттықтың қатысушысы ретінде тіркелуге жатпайды.

## 2-тарау. Комиссия

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Сауда-саттықты ұйымдастыру және өткізу үшін сатушы міндетті түрде комиссия құрады, оның құрамына сатушының, басқа да мемлекеттік атқарушы органдардың (аумақтық бөлімшелердің) және (немесе) өкілді органдардың, Қазақстан Республикасының "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен өңірлік кәсіпкерлер палаталарының (жергілікті атқарушы органдар жанындағы комиссияларға) өкілдері енгізіледі. Комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 адамды құрайды. Сатушының өкілі комиссия төрағасы болып табылады. Хатшы комиссия мүшесі болып табылмайды.

Комиссия шешімдері қатысып отырған комиссия мүшелерінің жалпы санынан қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төраға дауысы шешуші болып табылады. Комиссия шешімі сатушы үшін ұсынымдық сипатта болады.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өз жұмысының регламентін дербес әзірлейді;

2) осы Қағиданың 2-тармағының 7) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, әрбір жекешелендіру объектісі бойынша жекешелендіруді жүргізу түрі, сауда-саттық нысандары мен әдістері туралы шешім қабылдайды;

3) Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларында мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату туралы шешім қабылдайды;

4) жекешелендіру объектісін бағалау негізінде жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасын белгілеу туралы шешім қабылдайды;

5) биржалық сауда-саттыққа акцияларды қою мерзімі және ұзақтығы, сатудың шекті мерзімі және биржалық сауда-саттықтан алу күні туралы шешім қабылдайды;

6) осы Қағиданың 61-тармағында көзделген жекешелендіру объектілерін сатуды қоспағанда, тендер шарттары туралы шешім қабылдайды;

7) қатысушыларға (сатып алушыға) қойылатын қосымша талаптар туралы шешім қабылдайды;

8) осы Қағиданың 39-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жекешелендіру объектілерін кейіннен сауда-саттыққа қоюдың орындылығы туралы шешім қабылдайды;

9) екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарайды және оларды сауда-саттыққа жібереді;



10) екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс жеңімпазын жариялайды.

16. Сауда-саттықты өткізуге дайындықты сатушы жүзеге асырады, ол сауда-саттықты өткізу туралы хабарламаның уақтылы жариялануын қамтамасыз етеді, өтінімдер қабылдауды және екі кезеңді рәсімдер жолымен өтетін конкурсқа қатысушыларды тіркеуді жүргізеді, екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурстың келіп түскен материалдарын комиссияның қарауына береді.

### **3-тарау. Сауда-саттықты өткізуге дайындық**

**Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

17. Сауда-саттықтарды өткізуге дайындық мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- 1) жекешелендіру объектісі бойынша қажетті материалдарды жинау жүргізіледі;
- 2) жекешелендіру объектісін бағалау негізінде жекешелендіру объектілерінің алғашқы бағасы айқындалады;
- 3) әрбір жекешелендіру объектісінің сауда-саттық нысаны айқындалады;
- 4) жекешелендіру объектілері жекелеген сауда-саттықтар бойынша бөлінеді;
- 5) кепілдік жарнаны енгізу тәртібі айқындалады;
- 6) сауда-саттықты өткізу мерзімі белгіленеді;
- 7) қажет болған кезде ұйымдастырушы тартылады;
- 8) сауда-саттық өткізу туралы хабарлама жарияланады;
- 9) кепілдік жарналар қабылданады;
- 10) қатысушыларды тіркеу жүргізіледі;
- 11) сатып алу-сату шартының жобасын дайындау жүзеге асырылады.

**Ескерту. 17-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

18. Теңгерімдік құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің 2500000 еселенген мөлшерінен астам болатын жекешелендіру объектілерін бағалауды халықаралық бағалау стандарттарына сәйкес тәуелсіз консультанттар жүзеге асырады.

19. Теңгерімдік құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданылатын айлық есептік көрсеткіштің 2500000 еселенген мөлшерінен аз болатын жекешелендіру объектілерін бағалау Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Аукционға, тендерге және жабық тендерге қатысуға кепілдік жарна мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың (бұдан әрі – бірыңғай оператор) деректемелеріне хабарламада белгіленген нысанда және тәртіппен енгізіледі.

Екі кезенді рәсімдер арқылы конкурсқа қатысу үшін кепілдік жарна сатушының деректемелеріне хабарламада белгіленген нысанда және тәртіппен енгізіледі.

Кепілдік жарнаны қатысушы не қатысушының атынан кез келген жеке немесе заңды тұлға енгізеді.

21. Қатысушыларға кепілдік жарнаның кез келген санын енгізуге жол беріледі, бұл ретте бір кепілдік жарна қатысушыға ол бойынша сауда-саттыққа қатысу үшін осы кепілдік жарнаны енгізген жекешелендіру объектісін сатып алу құқығын береді.

22. Сауда-саттықта жеңген және сатып алу-сату шартын жасасқан қатысушының кепілдік жарнасы сатып алу-сату шарты бойынша тиесілі төлемдер есебіне жатқызылады.

Егер кепілдік жарнаның сомасы сату бағасынан артық болса, онда бірыңғай оператор тізілімнің веб-порталында сатып алушы мен сатушы сатып алу-сату шартын жасасқан күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде жеңімпазға айырмасын қайтарады.

**Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

23. Сатушы мынадай жағдайларда:

1) жеңімпазға – ол сауда-саттықтардың нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына қол қоймаған жағдайда;

2) сатып алушыға – сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда кепілдік жарнаны қайтармайды.

Қалған барлық жағдайларда кепілдік жарналар қатысушы бірыңғай операторға ( аукционға, тендерге немесе жабық тендерге қатысушы) немесе сатушыға (екі кезенді рәсімдер арқылы конкурсқа қатысушы) өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қайтарылады.

Кепілдік жарналар сауда-саттыққа қатысушы, жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға кепілдік жарнаны қайтару туралы өтініште көрсететін деректемелерге қайтарылады.

24. Сауда-саттық өткізілетіндігі туралы хабарламаны сатушы олар өткізілгенге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн қалғанда жариялайды.

Хабарлама қазақ және орыс тілдерінде тізілімнің веб-порталында жарияланады.

Монополияға қарсы заңнаманың талаптары қолданылатын акцияларды, ұйымдардың жарғылық капиталдарындағы үлестерді, мүліктік кешендер ретінде мемлекеттік кәсіпорындарды сату туралы хабарламаны объект (сату кестесі) бойынша ақпарат тізілімге енгізілген күннен бастап күнтізбелік алпыс күн өткеннен кейін жариялауға жол беріледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Сауда-саттық өткізу туралы хабарламада мынадай мәліметтер қамтылады:

1) сауда-саттықтың өткізілетін күні, орны және уақыты;

2) сауда-саттықтың түрі, нысаны мен әдісі;

3) жекешелендіру объектісі туралы мәліметтер (акцияларды сату кезінде акциялар эмитентінің атауы мен олар туралы мәліметтер, сатылатын акциялардың саны);

4) сатуға қойылатын жекешелендіру объектілерінің бастапқы және ең төменгі ( аукцион сауда-саттықтың голландтық әдісін қолдана отырып өткізілген кезде) бағалары;

5) кепілдік жарнаның мөлшері мен оны аудару үшін банктік деректемелер;

6) өтінімдерді қабылдау орны мен мерзімі;

7) сауда-саттықтарды өткізу, оның ішінде сауда-саттыққа қатысуды ресімдеу, сауда-саттық жеңімпазын анықтау шарттары туралы тәртіп;

8) сатушының және/немесе сауда-саттықты ұйымдастырушының және теңгерім ұстаушының телефоны мен орналасқан жері;

9) сатушының шешімі бойынша қосымша ақпарат.

Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларында мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату туралы хабарламада мынадай мәліметтер қамтылады:

1) сауда-саттықтың басталатын күні мен уақыты;

2) сауда-саттықтың өткізілетін орны;

3) акциялар эмитентінің атауы;

4) эмитент туралы мәліметтер;

5) сатылатын акциялардың саны;

6) сауда-саттықты ұйымдастырушының телефоны мен орналасқан жері;

7) сатушының шешімі бойынша қосымша ақпарат.

26. Әрбір жекешелендіру объектісі бойынша сату туралы хабарлама жарияланғанға дейін сатушы тізілімге мынадай құжаттардың:

1) жекешелендіру объектісінің құнын бағалау туралы есептің;

2) техникалық жағдайы туралы көріністі қамтамасыз ететін, кемінде 5 дана жекешелендіру объектісі фотосуретінің (тек жылжымайтын мүлік, көлік, жабдық және басқа да материалдық мүлік үшін);

3) сатып алу-сату шарты жобасының электрондық көшірмелерінің тізілімге енгізілуін қамтамасыз етеді.

Жекешелендіру объектісін сату туралы хабарлама жарияланғаннан кейін сатушы тізілімнің веб-порталы арқылы барлық қалаушылардың жекешелендіру объектісі туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

**Ескерту. 26-тармақтың бірінші бөлігінің бірінші абзацына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

27. Сауда-саттыққа қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион, тендер, жабық тендер басталғанға дейін екі сағат бұрын және екі кезеңде ететін рәсімдер арқылы конкурс басталғанға дейін жиырма төрт сағат бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды.

28. Аукционға тендерге және жабық тендерге қатысу үшін мыналарды:

1) жеке тұлғалар үшін: жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса);

3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктегі есеп айырысу шотының деректемелерін;

4) байланыс деректерін (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып, тізілімнің веб-порталында алдын ала тіркелу қажет.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгерген кезде қатысушы бір жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталындағы деректерге тиісті өзгерістер енгізеді.

**Ескерту. 28-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

29. Аукционға, тендерге және жабық тендерге қатысушы ретінде тіркелу үшін осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қатысушының ЭЦҚ қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімнің веб-порталында тіркеу қажет.

Тендерге және жабық тендерге қатысушылар сауда-саттық шартымен келісуді қамтитын өтінімді және сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген қатысушыларға (сатып алушыға) қойылатын қосымша талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттардың электрондық (сканерленген) көшірмелерін қоса бере отырып, тізілімнің арнайы бөлінген веб-парақшасында электрондық конвертке жүктелетін баға ұсынысын тіркейді.

**Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

30. Аукционның, тендердің және жабық тендердің жеңімпазы сатып алу-сату шартына қол қойған кезде сатушыға салыстырып тексеру үшін мынадай құжаттардың:

1) жеке тұлғалар үшін: паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың;

2) заңды тұлғалар үшін: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің не анықтаманың;

заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың, сондай-ақ заңды тұлғаның өкілі паспортының немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың;

мемлекетке тиесілі акцияларды сату кезінде – қатысушының акцияларына иелік ететін акционерлік қоғамдар туралы ақпаратты қамтитын акционерлер тізілімінен ( хабарламаның жариялану сәтінде) үзінді-көшірменің түпнұсқаларын міндетті түрде көрсете отырып, олардың көшірмелерін не нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады.

Шетелдік заңды тұлғалар қазақ және/немесе орыс тілдерінде нотариат куәландырған аудармасы бар құрылтай құжаттарының нотариат растаған көшірмелерін ұсынады.

Тендердің және жабық тендердің жеңімпазы да сатушыға сатып алу-сату шартына қол қойған кезде өтінімге қоса берілген құжаттардың түпнұсқаларын не нотариат куәландырған көшірмелерін ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырылып тексерілгеннен кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарылады.

31. Сатушы мен ұйымдастырушыға мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, сауда-саттықты дайындау және оларды өткізудің бүкіл кезеңінің ішінде сауда-саттыққа қатысушыларға қатысы бар ақпаратты жариялауға;

2) осы Қағиданың 29-тармағында көрсетілгендерден басқа, қосымша құжаттар ұсынуды талап етуге жол берілмейді.

32. Аукционға, тендерге және жабық тендерге қатысушылардың өтінімдері және оларға қоса берілетін электрондық (сканерленген) құжаттардың көшірмелері тізілімнің дерекқорында сақталады және сауда-саттықтың өткізілетіні туралы хабарламада көрсетілген күн мен уақытқа дейін жүктеу және қарау үшін қолжетімсіз болады.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

33. Аукционға, тендерге және жабық тендерге қатысуға өтінім тіркелгеннен кейін тізілімнің веб-порталы үш минут ішінде өтінім берілген сату объектісі бойынша кепілді жарнаның түсуі туралы мәліметтердің тізілімнің дерекқорында болуы тұрғысынан автоматты түрде тексеру жүргізеді.

Қатысушының осы Қағиданың 28 және 29-тармақтарында көрсетілген талаптарды сақтамауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілді жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Тізілімнің дерекқорында бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәліметтер болған жағдайда, тізілімнің веб-порталы өтінімді қабылдау және қатысушыны аукционға, тендерге және жабық тендерге жіберуді жүзеге асырады. Тізілімнің дерекқорында бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына кепілді жарнаның түскені туралы мәлімет болмаған жағдайда, тізілім веб-порталы қатысушының өтінімін кері қайтарады.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

34. Тізілімнің веб-порталы аукционға қатысу үшін электрондық өтінімді кері қайтарған қатысушының аукцион нөмірін сауда-саттықты өткізу басталғанға дейін кемінде екі сағат бұрын жояды.

35. Екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурсқа қатысушы ретінде тіркелу үшін мыналарды ұсыну қажет:

1) осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауда-саттыққа қатысуға өтінім;

2) жеке тұлғалар үшін:

салыстыру үшін түпнұсқасын міндетті түрде көрсете отырып, паспорттың немесе жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі не көрсетілген құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

банктен ағымдағы шоттың бар-жоғын растайтын анықтаманың түпнұсқасы;

заңды тұлғалар үшін:

салыстыру үшін түпнұсқасын міндетті түрде көрсете отырып, жарғының көшірмесі немесе көрсетілген құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

салыстыру үшін түпнұсқасын міндетті түрде көрсете отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе көрсетілген құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

банктен банктік шоттың бар-жоғын растайтын анықтаманың түпнұсқасы.

Құжаттардың түпнұсқалары салыстырғаннан кейін бір жұмыс сағаты ішінде қайтарып беріледі.

Акционерлік қоғамдар мемлекетке тиесілі акцияларды сату бойынша екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурсқа қатысу кезінде өздерінің акцияларына иелік ететін акционерлік қоғамдар туралы ақпаратты қамтитын акционерлер тізілімінен (ақпараттық хабарлама жариялау сәтіндегі) үзінді-көшірменің түпнұсқасын ұсынады;

3) кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжатының түпнұсқасы мен көшірмесі. Қатысушы сауда-саттық өткізілгеннен кейін жүгінген кезде төлем құжатының түпнұсқасы қайтарылады;



4) заңды тұлға өкілінің өкілеттіктерін куәландыратын құжаттың түпнұсқасы, сондай-ақ салыстырғаннан кейін қайтарылып берілетін түпнұсқасын қоса бере отырып, заңды тұлғаның өкілі паспортының немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі не заңды тұлғаның өкілі паспортының немесе оның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі.

Екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурсқа қатысу үшін ұсыныстар жабық конвертте жазбаша ұсынылады.

36. Шетелдік заңды тұлғалар қазақ және/немесе орыс тілдерінде нотариат куәландырған аудармасы бар құрылтай құжаттарының нотариат растаған көшірмелерін ұсынады.

37. Екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурсқа қатысуды қалайтын тұлғалардың өтінімдерін қабылдау және оларды тіркеу талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы болған кезде жүргізіледі.

Өтінім қолма-қол тәсілмен берілген кезде талап етілетін құжаттардың бар-жоғын тексеруді сатушы сол жерде, бір жұмыс сағаты ішінде жүзеге асырады және осы Қағиданың 35-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуі болмаған жағдайда ұсынылған өтінім тіркелмейді.

Өтінім поштамен келіп түскен кезде осы Қағиданың 35-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуі болмаған жағдайда, ұсынылған өтінім тіркелмейді, бұл туралы сатушы өтінім берген тұлғаға бір жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды.

38. Екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурсқа қатысушылардың құжаттары журналда тіркелгеннен кейін сейфте сақталады және оны өткізетін күні комиссияға қарау және екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурсқа жіберу үшін беріледі.

39. Егер мүліктік кешен ретіндегі мемлекеттік кәсіпорын өткізілген үш сауда-саттық нәтижесі бойынша сатылмаған жағдайда, аталған мемлекеттік кәсіпорын қосу не біріктіру жолымен қайта ұйымдастыруға жатады немесе таратуға жатады.

Егер сауда-саттыққа шығарылған акционерлік қоғамдар акцияларының және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталдарына қатысу үлестерінің мемлекетке тиесілі жүз пайызы өткізілген үш сауда-саттық нәтижесі бойынша сатылмаған болса, аталған заңды тұлғалар қосылу не бірігу арқылы қайта ұйымдастырылуға немесе таратылуға жатады.

**Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 05.06.2019 № 372 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**4-тарау. Аукцион өткізу**

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Аукцион екі әдіспен:

- 1) бағаны көтеру;
- 2) бағаны төмендету арқылы өткізіледі.

Аукционды бағаны көтеру әдісін қолдана отырып өткізген кезде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы жекешелендіру объектісінің алғашқы бағасына тең болады.

Аукционды бағаны төмендету әдісін қолдана отырып өткізген кезде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы алғашқы бағаны 3-ке тең арттыру коэффициентіне көбейту жолымен айқындалады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

41. Жекешелендіру объектісі бірінші сауда-саттыққа аукционға бағаны көтеру әдісі қолданыла отырып шығарылады.

Жекешелендіру объектісі екінші сауда-саттыққа аукционға бағаны төмендету әдісі қолданыла отырып, алғашқы бағаның елу пайызы мөлшеріндегі ең төмен баға белгіленіп шығарылады.

Жекешелендіру объектісі үшінші сауда-саттыққа аукционға бағаны төмендету әдісі қолданыла отырып, ең төмен баға белгіленбей шығарылады.

Аукцион нысанындағы әрбір кейінгі сауда-саттық алдыңғы аукцион күнінен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей өткізіледі.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

42. Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі.

Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде аукцион залына ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып кіреді. Аукцион жекешелендіру объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Астана қаласының уақыты бойынша басталады.

Ескерту. 42-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 05.06.2019 № 372 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2022 № 1133 қаулыларымен.

43. Аукцион залында аукцион Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мереке және демалыс күндерін қоспағанда, сейсенбі – жұма аралығында өтеді.

Аукцион Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден бастап сағат 17:00-ге дейінгі кезеңде өткізіледі, бұл ретте аукцион Астана қаласының уақыты бойынша сағат 15:00-ден кешіктірмей басталады.

**Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2022 № 1133 қаулысымен.**

44. Жекешелендіру объектісі бойынша аукцион басталған сәтте тіркелген қатысушылар болмаған жағдайда, осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өтпеді деп танылады және сатушы тізілімнің веб-порталы қалыптастыратын өткізілмеген аукцион туралы актіге қол қояды.

**Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

45. Егер аукцион залында бағаны көтеру аукционы басталғаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін бастапқы баға бойынша сатып алу ниетін растамайтын болса, онда осы жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы өткізілмеді деп танылады.

Егер жекешелендіру объектісінің бағасы белгіленген ең төменгі мөлшерге жетсе және тіркелген қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамаса, онда бағаны төмендету аукционы өткізілмеді деп танылады.

Егер бағаны төмендету аукционы аяқталатын сәтте сағат 17:00-де аукцион жеңімпазы айқындалмаса, онда осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өтпеді деп танылады.

Осы Қағиданың осы тармағында көзделген жағдайларда сатушы тізілімнің веб-порталы қалыптастыратын өткізілмеген аукцион туралы актіге қол қояды және осы жекешелендіру объектісі өткізілмеген сауда-саттық шарттарымен сауда-саттыққа қайтадан шығарылады.

**Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

46. Бағаны өзгерту қадамы былайша белгіленеді:

1) жекешелендіру объектісінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 20 000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезінде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында – 10 пайыз мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

2) жекешелендіру объектісінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 20 000 еселенгеннен бастап 50 000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезінде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында – 7 пайыз мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 пайыз мөлшерінде;

3) жекешелендіру объектісінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 50 000 еселенгеннен бастап 100 000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

4) жекешелендіру объектісінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 100 000 еселенгеннен бастап 250 000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында – 2,5 пайыз мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

5) жекешелендіру объектісінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 250 000 еселенгеннен бастап 500 000 еселенгенге дейінгі мөлшерінде болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында 1 пайыз мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді;

6) жекешелендіру объектісінің бастапқы немесе ағымдағы бағасы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінің 500 000 еселенген мөлшерінде және одан жоғары болған кезде өзгерту қадамы бағаны көтеру аукционында 0,5 пайыз мөлшерінде және бағаны төмендету аукционында 5 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Аукцион төменде көрсетілген екі әдістің біреуі бойынша жүргізіледі.

47. Бағаны көтеру аукционы:

1) егер аукцион залында бастапқы баға расталған сәттен бастап жиырма минут ішінде қатысушылардың бірі жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын осы Қағиданың 46-тармағына сәйкес белгіленген қадамға ұлғайту арқылы жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растаса, онда бастапқы баға белгіленген қадамға ұлғайтылады;

1-1) егер аукцион залында бастапқы баға расталғаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын ұлғайту жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда бастапқы бағаны растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы сату объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

2) егер ағымдағы баға ұлғайғаннан кейін жиырма минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісінің ағымдағы құнын ұлғайту жолымен жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, онда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін соңғы растаған қатысушы жеңімпаз болып танылады, ал осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады;

3) егер бағаны көтеру аукционы аяқталатын сәтте сағат 17:00-де аукцион жеңімпазы айқындалмаса, онда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растаған соңғы қатысушы жеңімпаз деп танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Жекешелендіру объектісі бойынша бағаны көтеру аукционы қатысушылардың бірі ұсынған ең жоғары бағаға дейін жүргізіледі.

Бір ғана қатысушы қатысқан бағаны көтеру аукционы, егер қатысушы бастапқы бағаны растаса, өтті деп танылады.

**Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

48. Бағаны төмендету аукционы:

1) егер аукцион басталған кезден бастап екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі аукционда жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы осы Қағиданың 46-тармағына сәйкес белгіленген қадамға азаяды;

2) егер баға азайтылғаннан кейін екі минут ішінде қатысушылардың бірде-біреуі жекешелендіру объектісін сатып алу ниетін растамайтын болса, жекешелендіру объектісінің соңғы ағымдағы бағасы белгіленген қадамға азаяды.

Жекешелендіру объектісін ағымдағы баға бойынша сатып алу ниетін бірінші болып растаған қатысушы бағаны төмендету аукционының жеңімпазы болып танылады және осы жекешелендіру объектісі бойынша аукцион өткізілген болып танылады.

Бір ғана қатысушы қатысқан бағаны төмендету аукционы, егер қатысушы бастапқы және жарияланған бағаны растаса, өтті деп танылады.

**Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

49. Әрбір сатылған жекешелендіру объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімнің веб-порталында қол қояды.

50. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының жекешелендіру объектісін сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін белгілейтін құжат болып табылады. Сатып алу-сату шарты электрондық форматта тізілімнің веб-порталында жасалады және сатушы мен сатып алушы ЭЦҚ пайдалана отырып сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде оған қол қояды. Бұл ретте сатушы сатып алушыға сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде қол қоюға сатып алу-сату шартының жобасын ұсынады.

**Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

51. Жеңімпаз сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына осы Қағиданың 49 және 50-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде қол қоймаған

жағдайда, сатушы тізілім веб-порталында қалыптастыратын аукцион нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және осы жекешелендіру объектісі күшін жойған сауда-саттық шарттарымен сауда-саттыққа қайтадан шығарылады.

**Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

52. Бірыңғай оператор тізілім веб-порталының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ сауда-саттыққа қатысушылардың кепілдік жарналарын қабылдайды.

Бірыңғай оператор:

1) сатушы қол қойған кепілдік жарнаны аударуға өтінім негізінде сауда-саттықта жеңген қатысушының кепілдік жарнасын тізілімнің веб-порталында ЭЦҚ пайдалана отырып сатушының бюджет сыныптамасының тиісті кодына аударады;

2) қатысушылар қол қойған кепілдік жарнаны қайтаруға өтінімдер негізінде тізілімнің веб-порталында ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттықтың басқа қатысушыларына кепілдік жарнаны қайтарады.

**Ескерту. 52-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

53. Аукцион барысында аукционға қатысуға кедергі болатын техникалық ақаулықтар туындаған кезде қатысушыға:

1) тізілім веб-порталымен орнықты байланыс жоғалған кезден бастап 30 секунд ішінде аукционға қатысушының мониторында бірыңғай оператордың байланыс деректері бар электрондық хабарламаны шығару жолымен хабарлайды;

2) бұл туралы бірыңғай оператордың байланыс деректері бойынша телефон немесе электрондық хабарлама арқылы дереу хабарлайды.

54. Бірыңғай оператор техникалық ақаулықтар фактісін тіркейді және олар тізілім веб-порталы жағында болған кезде ақпаратты тізілім веб-порталында орналастыру жолымен аукционға қатысушылардың барлығын хабардар етеді.

55. Қатысушының компьютерлік және/немесе телекоммуникация жабдығының техникалық ақаулықтары болғанда аукцион жалғаса береді.

56. Аукционды жүргізуге немесе аукционды жүргізу рәсіміне кедергі болатын осы Қағиданың 54-тармағында көрсетілген тізілім веб-порталының техникалық ақаулықтар фактісі болған жағдайда, бірыңғай оператор бұл туралы сатушыға жазбаша түрде хабарлайды, ал сатушы осы аукционның жалғастырылатын күні мен уақыты туралы ақпаратты тізілім веб-порталында орналастыру және тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына электрондық хабарлама жіберу арқылы аукционға қатысқан қатысушыларды алдын ала міндетті түрде хабардар ете отырып, аукционды бірыңғай оператор техникалық ақаулықты жойған күннен кейін келесі жұмыс күніне ауыстырады.



## 5-тарау. Тендерді және жабық тендерді өткізу

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

57. Тендер ашық болуға тиіс. Ұлт қауіпсіздігін, қоршаған табиғи ортаны қорғауды, Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық жағдайын қозғайтын ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тендер жабық өткізілуі мүмкін.

Жабық тендерге мүдделі мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде комиссия айқындайтын қатысушылардың шектеулі тобы қатысады. Сатушы жабық тендерге қатысуға арналған шақыруды жабық тендердің барлық шарттарымен жібереді. Жабық тендерге қатысуға шақыру жіберілген және қатысуға тілек білдірген тұлғаларды тіркеу жазбаша шақыру жіберілген күннен бастап тізілімнің веб-порталында жүргізіледі және жабық тендердің өткізілуіне екі сағат қалғанда аяқталады.

Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

58. Тендерді немесе жабық тендерді ұйымдастыру мен өткізуді сатушы жүзеге асырады. Жекешелендіру объектісін бірінші тендерге немесе жабық тендерге қойған кезде жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасы алғашқы бағасына тең болады.

59. Тендер немесе жабық тендер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мереке және демалыс күндерін қоспағанда, сейсенбі – жұма аралығында өтеді. Тендер немесе жабық тендер Астана қаласының уақыты бойынша сағат 10:00-ден бастап сағат 13:00-ге дейінгі кезеңде өткізіледі.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.12.2022 № 1133 қаулысымен.

60. Жекешелендіру объектісін екінші және үшінші тендерге немесе жабық тендерге шығару кезінде бастапқы баға алдыңғы тендердің немесе жабық тендердің бастапқы бағасының елу пайызына төмендетіледі.

Әрбір келесі тендер немесе жабық тендер алдыңғы тендер немесе жабық тендер өткізілген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей өткізіледі.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

61. Мүліктік кешендер ретінде мемлекеттік кәсіпорындар, жарғылық капиталындағы акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі

акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) акциялары (қатысу үлестері) сатылған жағдайда, тендердің немесе жабық тендердің шарты қызмет бейінін сақтау болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорындардың, жарғылық капиталындағы акцияларының (қатысу үлестерінің) бақылау пакеті мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардың (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің) қызмет бейінін сақтау мерзімін сатушы айқындайды.

62. Жекешелендіру объектісі бойынша тендер немесе жабық тендер басталған сәтте тіркелген қатысушылар болмаған жағдайда тендер немесе жабық тендер өтпеді деп танылады. Егер қатысушы бастапқы бағадан кем болмайтын құн ұсынса, бір ғана қатысушы қатысқан тендер немесе жабық тендер өтті деп танылады.

Егер тендер және жабық тендер өтпеген деп жарияланса, сатушы тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын тендердің өткізілмегені туралы актіге қол қояды.

**Ескерту. 62-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

63. Тендерге немесе жабық тендерге қатысуға өтінімдерді ашу сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген күн мен уақыт келгенде тізілімнің веб-порталы арқылы автоматты түрде жүргізіледі.

64. Тендерге немесе жабық тендерге қатысуға өтінімдерді сатып алушы сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген объектіге қатысушыларға (сатып алушыға) қойылатын қосымша талаптарға сәйкес келетін қатысушыларды айқындау мақсатында тізілімнің веб-порталында қарайды.

65. Жекешелендіру объектісі үшін ең жоғары бағаны ұсынған қатысушы жеңімпаз деп танылады. Егер тендерде немесе жабық тендерде екі және одан көп қатысушының ұсынысы бірдей ең жоғары бағаны қамтитын болса, онда осы қатысушылардың арасында қатысушылардың басқа өтінімдерінен өтінімі бұрын қабылданған қатысушы тендердің немесе жабық тендердің жеңімпазы болып танылады.

66. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамада:

1) себебі көрсетіле отырып, қатысушыларға (сатып алушыға) қойылатын талаптарды қанағаттандырмайтын қатысушылар тізімі;

2) тізілімнің веб-порталында тендерге қатысушылардың баға ұсыныстарын автоматты салыстыру жүргізілетін, қатысушыларға (сатып алушыға) қойылатын талаптарға қанағаттандыратын қатысушылар тізімі;

3) жекешелендіру объектісі үшін ең жоғары бағаны ұсынған жеңімпаз көрсетіледі.

67. Тендер немесе жабық тендердің жеңімпазы сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамаға қол қою үшін электрондық пошта арқылы сауда-саттық нәтижелері туралы хабардар етіледі.

Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама тізілімнің веб-порталында қалыптастырылады, оған сауда-саттық өткізілетін күні сатушы мен тендердің немесе жабық тендердің жеңімпазы ЭЦҚ пайдалана отырып қол қояды.

68. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама тендердің немесе жабық тендердің нәтижелері мен жеңімпаздың және сатушының тендер немесе жабық тендердің нәтижесі болып табылатын шарттармен жекешелендіру объектісін сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін тіркейтін құжат болып табылады. Сатып алу-сату шарты электрондық форматта тізілімнің веб-порталында жасалады және сатушы мен сатып алушы ЭЦҚ пайдалана отырып сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде қол қойылады. Бұл ретте сатушы сатып алушыға сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойған күннен бастап күнтізбелік бес күннен аспайтын мерзімде қол қоюға сатып алу-сату шартының жобасын ұсынады.

**Ескерту. 68-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

69. Жеңімпаз сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға не сатып алу-сату шартына осы Қағиданың 67 және 68-тармақтарында көрсетілген мерзімдерде қол қоймаған жағдайда, сатушы тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және осы жекешелендіру объектісі күші жойылған сауда-саттық талаптарымен сауда-саттыққа қайтадан шығарылады.

**Ескерту. 69-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**6-тарау. Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларында мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату**

**Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

70. Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларында (бұдан әрі – қор биржасы) мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сатуды комиссияның шешімі негізінде сатушы жүзеге асырады.

71. Қор биржасында сатылуға жататын бағалы қағаздарды сатушы биржалық сауда-саттыққа брокерлік компаниялар арқылы қояды.

72. Бағалы қағаздарды сатуға құқылы брокерлік компанияны айқындауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес сатушы жүзеге асырады.

73. Мемлекетке тиесілі бағалы қағаздарды сату кезінде оларды сатуға байланысты сатушы мен брокерлік компаниялар арасында туындайтын қарым-қатынастар тиісті шартпен реттеледі.

74. Қор биржасының сауда-саттық жүйелерінде бағалы қағаздарды сату тиісті қор биржасының биржалық сауда-саттық қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **7-тарау. Екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс**

**Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

75. Екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс жекешелендіру бағасының басымдығын және (немесе) өзге де шарттарын айқындайтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тәуелсіз консультанттардың қатысуымен өткізіледі.

**Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

76. Екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс мынадай іс-шаралар жоспарын қамтиды:

1) Заңның 100-1-бабында белгіленген тәртіппен, жекешелендіру объектісін жан-жақты талдауды, оның құнын бағалауды жүргізу үшін тәуелсіз консультантты тарту және әлеуетті сатып алушылар (инвесторлар) үшін сату объектісі туралы ақпараттық дерекқор қалыптастыру;

2) сатушының жекешелендіру объектісін сату туралы хабарламаны тізілімнің веб-порталында қазақ және орыс тілдерінде жариялауы, сондай-ақ тәуелсіз консультанттың әлеуетті сатып алушыларға (инвесторларға) сату туралы ұсынысты жіберуі;

3) тәуелсіз консультанттың әлеуетті сатып алушылардың (инвесторлардың) ұсыныстары бар өтінімдерінің тізбесін қалыптастыруы;

4) келіссөздер барысында ең жақсы ұсыныстарды ұсынған (конкурстың бірінші кезеңі) кемінде екі әлеуетті сатып алушыны (инвесторды) анықтау мақсатында, өтінімдердің тізбесі бойынша тәуелсіз консультанттың қатысуымен сатушының әлеуетті сатып алушылармен (инвесторлармен) келіссөздер жүргізуі;

5) сатушының бұрын ұсынылған шарттарды жақсарту нысанасына тәуелсіз консультанттың қатысуымен конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпаздарымен келіссөздер жүргізуі (конкурстың екінші кезеңі).

**Ескерту. 76-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

77. Екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурс кезінде комиссияның отырысында қатысушылардың ұсыныстары жазылған өтінімдерді комиссияның барлық мүшелері

зерделейді және салыстырады. Комиссия барлық формальдылықтардың сақталуын тексереді, талап етілетін мәліметтер мен құжаттардың бар-жоғын айқындайды.

78. Сатушы, тәуелсіз консультант және екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурстың барлық қатысушылары келіссөздің әрбір кезеңінің өткізілу қорытындылары бойынша оның нәтижелері туралы хаттамаға қол қояды.

79. Екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурстың екінші кезеңі барысында ең жақсы шарттарды ұсынған әлеуетті сатып алушы (инвестор) екі кезеңді рәсім арқылы конкурстың жеңімпазы болып танылады.

80. Екі кезеңді рәсімдер арқылы конкурстың жеңімпазы сатып алу-сату шартына сатушы белгілеген мерзімде қол қоюдан бас тартқан немесе жалтарған жағдайда, сатушы оның кепілдік жарнасын ұстайды және ұсынысы конкурс жеңімпазының ұсынысынан кейін ең жақсы деп танылған әлеуетті сатып алушымен (инвестормен) сатып алу-сату шартына қол қояды.

## **8-тарау. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату**

**Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

81. Акционерлік қоғамдардың мемлекетке тиесілі акцияларына құқықты куәландыратын туынды бағалы қағаздарды сату Қазақстан Республикасы Үкіметінің немесе тиісті жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

82. Туынды бағалы қағаздарды сатудың негізгі шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге – сатушы немесе тиісті жергілікті өкілдік органға бекітуге жергілікті атқарушы орган ұсынады.

83. Туынды бағалы қағаздарды сату туралы шешімде оларға туынды бағалы қағаздар шығарылған мемлекетке тиесілі акциялардың саны, сатылатын туынды бағалы қағаздардың типі, аумағында туынды бағалы қағаздарды сатуды жүзеге асыру ұйғарылған шет мемлекет (шет мемлекеттер), мәмілені аяқтаудың ең ұзақ мерзімі, туынды бағалы қағаздардың меншік иелерінің құқықтарын сату шарттары мен тәртібі қамтылуы тиіс.

## **9-тарау. Тікелей атаулы сату**

**Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

84. Кейіннен сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға тиісінше жалдаушыға (жалға алушыға) немесе сенімгерлік

басқарушыға берілген объектілер, сондай-ақ стратегиялық инвесторға беруге жататын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен айқындалған объектілер тікелей атаулы сатуға жатады.

Жекешелендіру объектісін жалдаушыларға (жалға алушыларға) және сенімгерлік басқарушыларға сатуға олар тиісті шартты тиісінше орындаған жағдайда ғана жол беріледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша мемлекеттік мүлікті тікелей атаулы сату мынадай:

сатылатын жекешелендіру объектісінің қызметімен байланысты салада қызмет тәжірибесінің болуы;

технологиялар трансферті, оның ішінде ашылмаған ақпаратты (өндіріс құпияларын (ноу-хау) алу және жоғары білікті мамандарды тарту арқылы жекешелендіру объектісін басқаруға, сондай-ақ оны дамытуға қатысу үшін ірі акциялар пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу өлшемшарттарына сай келетін стратегиялық инвесторға – қазақстандық немесе шетелдік заңды тұлғаға (олардың бірлестіктеріне) жүзеге асырылады.

Стратегиялық инвестор:

- 1) жекешелендіру объектісіне инвестициялардың көлемдері, түрлері және мерзімдері;
- 2) өндіріс көлемінің белгілі бір деңгейін, шығарылатын өнімнің немесе көрсетілетін қызметтердің номенклатурасын қамтамасыз ету;
- 3) табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу;
- 4) қызмет бейінін сақтау;
- 5) жаңа жұмыс орындарын сақтау немесе ашу;
- 6) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлермен штат санының кемінде үштен екісін қамтамасыз ету;
- 7) өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің бұрыннан бар тәртібі мен пайдалану шартын сақтау;
- 8) кредиторлық берешекті белгіленген мерзімдерде өтеу;
- 9) жалақы бойынша берешекті өтеу;
- 10) мәмілелер жасасуды (қайта сату, кепілге қою, сенімгерлік басқаруға беру және басқалар) және (немесе) жекешелендіру объектісіне қатысты белгілі бір уақыт кезеңі ішінде белгілі бір іс-қимылдарға тыйым салуды шектеу жөніндегі міндеттемелерді белгілеген және тиісінше қабылдаған кезде, тікелей атаулы сату жүзеге асырылады.

Тікелей атаулы сату туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімінде объектінің және стратегиялық инвестордың атауы, сондай-ақ осы тармақта көрсетілген міндеттемелер тізбесінен міндеттемелерді қабылдау туралы стратегиялық инвесторға қойылатын талаптар және міндеттемелерді орындау мерзімдері қамтылады.



Ескерту. 84-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

85. Жекешелендіру объектісін сату шарттары мүліктік жалдау (жалға алу) шартында немесе сенімгерлік басқаруға беру туралы шартта көзделмеген болса, олар тараптардың келісімімен айқындалады.

86. Жекешелендіру объектісін сату Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы заңнамаға сәйкес сенімгерлік басқару не мүліктік жалдау (жалға алу) шартын жасау сәтінде айқындалатын нарықтық құны бойынша сатып алу-сату шартын жасау арқылы жүзеге асырылады.

Мүліктік жалдау (жалға алу) немесе сенімгерлік басқару мерзімі ішінде нарықтық құн Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне сәйкес индекстеуге жатады және сатып алу-сату шарты жасалған күннен кейін үш жылдан аспайтын мерзімге бөлу арқылы төленуі мүмкін. Жекешелендіру объектісін бөліп-бөліп төлей отырып, нарықтық құны бойынша сатып алу мүмкіндігі сатып алу құқығымен мүліктік жалдауға (жалға алуға) немесе сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендердің шарттарына енгізіледі. Нарықтық бағаны бөліп-бөліп төлеудің мерзімі мен тәртібі сатып алу-сату шартында ескеріледі.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

## **10-тарау. Есеп айырысу тәртібі**

Ескерту. 10-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

87. Сатып алу-сату шартына сатушы мен сатып алушы қол қояды. Шартта оны жасасудың негізі ретінде сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға жасалған сілтеме көрсетіледі.

88. Сауда-саттықта ұтқан тұлға сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға немесе сатып алу-сату шартына қол қоймаған кезде өзі енгізген кепілдік жарнасын жоғалтады және сатушыға кепілдік жарнамен жабылмаған бөлігінде оның іс жүзінде шеккен залалын өтейді.

89. Сатып алу-сату шарты бойынша есеп айырысулар сатушы мен сатып алушы арасында жүргізіледі, бұл орайда сатып алушы есеп айырысуларды мынадай тәртіппен жүргізеді:

1) аванстық төлем жекешелендіру объектісін сату бағасының кемінде он бес пайызы мөлшерінде сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей енгізіледі (кепілдік жарна тиесілі аванстық төлем есебіне есептеледі);

2) қалған сома тараптардың уағдаласуы бойынша, бірақ сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей енгізіледі.

90. Аванстық немесе түпкілікті төлемнің мерзімі өткен жағдайда сатушының шартты біржақты тәртіппен бұзуына және сатып алушыдан кепілдік жарнамен жабылмаған бөлігінде іс жүзіндегі зиянды өтеуді талап етуіне жол беріледі.

Бұл жағдайда мүлік күшін жойған сауда-саттық шарттарымен қайта өтетін сауда-саттыққа қайтадан шығарылады.

**Ескерту. 90-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

91. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін қоспағанда, жекешелендіру объектісін беру осы Қағиданың 95-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушы сату бағасын толық төлеген күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей қабылдап алу-беру актісі бойынша жүргізіледі.

Сатып алушының қабылдап алу-беру актісіне қол қоюы туралы мәліметтерді сатушы екі күн мерзімде тізілімнің веб-порталына енгізеді.

Қол қойылған қабылдап алу-беру актісі сатылған жекешелендіру объектісіне меншік иесінің өзгеруі туралы мемлекеттік тіркеуді жүргізу үшін негіз болып табылады.

Жеңімпаз белгіленген мерзімде қабылдап алу-беру актісіне қол қоймаған жағдайда сатушы тізілімнің веб-порталында қалыптастырылатын сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы актіге қол қояды және осы мүлік сауда-саттыққа қайтадан шығарылады.

**Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

92. Акциялардың мемлекеттік пакеттерін беру сатып алушы сатып алу-сату шарты бойынша сатып алушы сату бағасын толық төлегеннен кейін бағалы қағаздарды аудару туралы бұйрыққа қол қою жолымен жүргізіледі.

93. Ықтимал бөліп-бөліп төлеудің шарттары сауда-саттыққа немесе кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға не мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі тендерге қатысушылардың назарына алдын ала жеткізілген жағдайда ғана бөліп-бөліп төлеуге жол беріледі. Бұл ретте бастапқы жарнаның мөлшері сату бағасының он бес пайызынан кем болмауға, ал бөліп-бөліп төлеу кезеңі үш жылдан аспауға тиіс.

**Ескерту. 93-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

94. Бастапқы жарнаны сатып алушы сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде енгізеді. Кейіннен енгізілетін сомаларға пайыздар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесіне сүйене отырып есептеледі. Келесі сомаларды енгізу кемінде тоқсанына бір рет жүзеге асырылуда тиіс.

Егер сатып алу-сату шартында қамтамасыз етудің өзге тәсілі көзделмеген болса, сатып алушы сатып алған жекешелендіру объектісіне сатушының кепіл құқығы төлемдердің уақтылы өтелуін қамтамасыз ету болып табылады.

**Ескерту. 94-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

95. Егер сатып алу-сату шартында қамтамасыз етудің өзге тәсілі көзделмеген болса, объектіні бөліп-бөліп төлеу арқылы сату кезінде беру тиісінше тіркелуі тиіс кепіл шартын бір уақытта жасаумен жекешелендіру объектісін қабылдап алу-беру актісіне қол қою арқылы бастапқы жарнаны төлегеннен кейін жүзеге асырылады.

Акциялардың мемлекеттік пакетін бөліп-бөліп төлеуге сату кезінде беру тиісінше тіркелуі тиіс кепіл шартын бір мезгілде жасаумен бағалы қағаздарды аудару туралы бұйрыққа қол қою арқылы бастапқы жарнаны төлегеннен кейін жүзеге асырылады.

## **11. Жекешелендіру объектісін сатудан алынған қаражат**

96. Республикалық меншік объектілерін жекешелендіруден алынған қаражат Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына жіберіледі және олар туралы мәліметтерді сатушы сатып алушы сатып алу-сату шарты бойынша сату бағасын төлеген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тізілімге енгізеді.

**Ескерту. 96-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 29.12.2017 № 924 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен**

97. Жекешелендіру бойынша сауда-саттықты дайындау және өткізу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

98. Ұйымдастырушының және/немесе бірыңғай оператордың қызметтеріне ақы төлеу сатушының жекешелендіру бойынша сауда-саттықты дайындауға және өткізуге жұмсалатын шығыстарына қосылады.

Жекешелендіру объектілерін  
сату қағидасына  
қосымша

Жекешелендіру объектісін (объектілерін) сату бойынша \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қатысуға

(сауда-саттық нысаны көрсетіледі)

## ӨТІМ

1. Жекешелендіру объектісінің (объектілерінің) сатылуы туралы жарияланған хабарламаны қарап және сату қағидасымен танысып,

\_\_\_\_\_ (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлға басшысының немесе заңды тұлғаның сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің Т.А.Ә.)

20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ мекенжайы бойынша болатын сауда-саттықта қатысуды қалайды.

2. Мен (біз) сауда-саттықта қатысу үшін \_\_\_\_\_ мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына жалпы сомасы \_\_\_\_\_ ( \_\_\_\_\_ ) (цифрмен) (сомасы жазумен)

теңге \_\_\_\_\_ кепілдік жарнаны (жарналарды) енгіздім (енгіздік). (саны)

Кепілдік жарна енгізілген жекешелендіру объектілері туралы мәліметтер:

Р/с №	Жекешелендіру объектісінің атауы	Аударуға жататын кепілдік жарнаның сомасы, теңге
1		
2		
	Жиыны	

Енгізілген кепілдік жарналар туралы мәлімет:

Р/с №	Кепілдік жарнаның мақсаты және сауда-саттыққа қатысу үшін кепілдік жарна енгізілген жекешелендіру объектісінің атауы	Төлем құжатының №	Төлем құжатының күні	Кепілдік жарнаның сомасы, теңге
1				
2				
	Жиыны			

3. Қатысушыға қойылатын талаптарға менің (біздің) сәйкес келмегенім ( келмегеніміз) анықталған жағдайда, мен (біз) сауда-саттыққа қатысу құқығынан айырылатыныммен (айырылатынымызбен), мен (біз) қол қойған сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама және

сатып алу-сату шарты жарамсыз деп танылатынымен келісемін (келісеміз).

4. Мен (біз) сауда-саттық жеңімпаз(дар)ы болып танылған жағдайда, өзімізге сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға өткізілген күні қол қоюға және ол өткізілген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде сатып алу-сату шартына қол қоюға міндеттеме аламыз.

5. Мынадай:

1) сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға оны өткізу күнінде қол қоймаған;

3) сатып алу-сату шарты бойынша мен (біз) міндеттемелерді орындамаған және тиісінше орындамаған жағдайда, енгізген кепілдік жарна сомасының қайтарылмайтынына және сатушыда қалатынына келісемін (келісеміз).

6. Осы өтінімнің сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамамен бірге сатып алу-сату шарты жасалғанға дейін қолданылатын шарт күші бар.

7. Өзім(із) туралы мынадай мәліметтерді ұсынамын:

Заңды тұлға үшін:

Атауы \_\_\_\_\_

БСН \_\_\_\_\_

Басшының Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Телефон (факс) нөмірі: \_\_\_\_\_

Кепілдік жарнаны қайтару үшін банк деректемелері:

ЖСК \_\_\_\_\_

БСК \_\_\_\_\_

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Кбе \_\_\_\_\_

Кепілдік жарнаны төлеген тұлғаның ЖСК/БСК \_\_\_\_\_

Өтінімге мыналар қоса беріледі (аукционға өтінім бергенде толтырылмайды):

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

3) \_\_\_\_\_

Жеке тұлға үшін:

Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

ЖСН \_\_\_\_\_

Паспорт деректері \_\_\_\_\_

Мекенжайы: \_\_\_\_\_

Телефон (факс) нөмірі: \_\_\_\_\_

Кепілдік жарнаны қайтару үшін банк деректемелері:

ЖСК \_\_\_\_\_

БСК \_\_\_\_\_

Банктің атауы \_\_\_\_\_

Кбе \_\_\_\_\_

Кепілдік жарнаны төлеген тұлғаның ЖСК/БСК \_\_\_\_\_

Өтінімге мыналар қоса беріледі (аукционға өтінім бергенде толтырылмайды):

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

3) \_\_\_\_\_

(қолы) (жеке тұлғаның Т.А.Ә. немесе заңды тұлғаның атауы және заңды тұлға басшысының немесе заңды тұлғаның сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің Т.А.Ә.)

М.О.

Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында

20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минутта қабылданды.

Қатысушының аукциондық нөмірі \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2011 жылғы 9 тамыздағы  
№ 920 қаулысына  
қосымша

### **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Жекешелендіру объектілерінің құнын бағалау жөніндегі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 6 мамырдағы № 562 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, № 19, 166-құжат).

2. "Мемлекетке тиесілі акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногы арқылы сатудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қарашадағы № 1137 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 40, 367-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қарашадағы № 1137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 сәуірдегі № 508 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 18, 191-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және олардың күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 28 қазандағы № 1369 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 11-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 36-37, 478-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қарашадағы № 1137 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қарашадағы № 1455 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 39, 505-құжат).



6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қарашадағы № 1137 және 2000 жылғы 26 маусымдағы № 942 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 23 мамырдағы № 562 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 14, 155-құжат).

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 қарашадағы № 1137 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы № 1333 қаулысы.

8. "Жекешелендіру объектілерін сатудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 маусымдағы № 942 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 27, 317-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 маусымдағы № 942 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 желтоқсандағы № 1639 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 47, 557-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 маусымдағы № 942 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 11 сәуірдегі № 350 қаулысы.

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 18 маусымдағы № 613 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 39, 342-құжат).